

Дәріс № 11. Халықаралық саясат және аймақшылдық: танымы, ұғымы, түрлері

Дәріс жоспары:

1. Аймақшылдық ұғымы
2. Аймақтық ұйымдардың жіктелуі
3. Аймақтану және жаһанданудың халықаралық саясатқа әсері

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық саясатта аймақшылдыққа қатысты ұғымдарды ерделей алады. Аймақтанудың динамиктерін бағалай алады. Аймақтану мен жаһандану арасындағы өзара ықпалдастықты түсіндіре алады. Аймақтанудың дәрежелерін салыстыра алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, аймақшылдық, аймақшылдықтың динамиктерін, қорғаныс ұйымдары, экономикалық тұтастық, кеден одағы, еркін сауда аймағы, ортақ кімлік, аймақтық гегомония, жаһандану, экономикалық бірлік, саяси одақ, интеграция, аймақтық одақ секілді ұғымдардың мән мағынасын түсінеді.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні

Аймақтану - зерттеу нысаны аймақ немесе аудан болып табылатын пәндер мен бағыттардың, әдіснамалық тәсілдер мен әдістік шаралардың жиынтығы. Оған аудандау теориясы; әдістерді бірыңғайлаудың, лимитсіздендірудің, аудандар мен оларды қайта құрудың иерархиялық торларын жасаудың жиынтығы ретіндегі аудандау; нақты аймақтардың (аудан) қызмет етуі мен даму заңдылықтарын зерттейтін аймақнама (аудандау, регионика); нақты елдің аудандарын сипаттайтын елтанудың бөлігі ретіндегі аудантану; географиямен іргелес ғылымдардағы — аймақтық экономика, аймақтық әлеуметтану, аймақтық халықтану жатады. Халықаралық ұйымдар – қазіргі әлемдегі халықаралық әріптестіктің негізгі құқықтық-ұйымдасу формаларының бірі; халықаралық қатынастардың әртүрлі салаларындағы (экономикалық, саяси, мәдени) ерікті ұйымдар.

Халықаралық ұйымдардың саны тұрақты түрде өсіп келеді. Егер де XX ғасырдың басында 40 үкіметаралық және 180 үкіметтік емес ұйымдар болса, қазіргі кезде олардың саны – сәйкесінше 300 және 500. Ең алғашқы халықаралық ұйым – 1875 жылы құрылған Бүкіл жаһандық пошта одағы. Қазіргі заманғы халықаралық ұйымдар:

1) аймақтық ұйымдар: Еуропа Кеңесі, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы (АСЕАН), Ислам әріптестік ұйымы (ИӘҰ), Африкандық Бірлік Ұйымы (АБҰ), Американдық Мемлекеттер Ұйымы (АМҰ);

2) экономикалық сипаттағы ұйымдар: Халықаралық реконструкция және даму банкі (ХРДБ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) және т.б.

3) кәсіби ұйымдар: Халықаралық журналистер ұйымы (ХЖҰ), Саяси ғылымдардың халықаралық ассоциациясы (СҒХА), Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (ИНТЕРПОЛ);

4) демографиялық ұйымдар: халықаралық демократиялық әйелдер федерациясы (ХДӘФ), Бүкіл жаһандық жастар ассоциациясы (БЖА);

5) мәдениет және спорт саласындағы ұйымдар: Халықаралық Олимпиялық комитет;

6) әскери-саяси ұйымдар: Солтүстік Атлантикалық Келісімі Ұйымы (НАТО), Тынық мұхиты қауіпсіздік пакті (АНЗЮС) және т.б.;

7) кәсіподақтық ұйымдар: Халықаралық еркін кәсіподақтар конференциясы (ХЕКК), Бүкілжаһандық Еңбек Конфедерациясы (БЕК) және т.б.;

8) халықаралық ізеттілікті және бейбітшілікті қолдайтын ұйымдар: Бүкілжаһандық бейбітшілік кеңесі (ББК), Венадағы бүкілжаһандық бейбітшілік институты және т.б.;

9) соғыс, табиғи апат құрбандарын қорғау ұйымдары: Халықаралық Қызыл Крест (ХКК);

10) экологиялық ұйымдар: Гринпис және т.б.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі ең маңызды ұйым – 1945 жылы жаһандық

қауіпсіздік жүйесін қолдау мақсатын құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы. БҰҰ Жарғысында барлық мүше мемлекеттердің егемендік теңдігі, халықаралық даулардың бейбіт жолмен шешілуі, күш қолданудан бас тарту, өзге мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидаттары бекітілген. БҰҰ құрылымы: 1) БҰҰ Хатшылығы (Бас хатшыбасшылығымен); 2) Қауіпсіздік кеңесі (15 мемлекет, соның ішінде veto құқығына ие 5 тұрақты мүшесі бар: Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, ҚХР); 3) Бас Ассамблея (ұйымның барлық мүше елдері); 4) бірқатар ұйымдар – БҰҰ-ның құрылымдық бірліктері: Бүкілжаһандық денсаулық сақтау ұйымы (БДСҰ), Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі бүкілжаһандық ұйым (ЭНЕСКО), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ), БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД), Халықаралық балалар қоры (ЮНИСЕФ), Халықаралық сот.

Аймақтық ұйымдарға:			
1.	Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ)	Organization for Security and Cooperation in Europe (OSCE)	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)
2.	Организация Исламского Сотрудничества (ОИС)	Organization of Islamic Cooperation (OIC)	Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ)
3.	Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА)	Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA)	Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК)
4.	Организация экономического сотрудничества (ОЭС)	Economic Cooperation Organization (ECO)	Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ)
5.	Шанхайская организация сотрудничества (ШОС)	Shanghai Cooperation Organization (SCO)	Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ)
6.	Региональный центр ООН по вопросам мира и разоружения в Азиатско-Тихоокеанском регионе	United Nations Regional Centre for Peace and Disarmament for Asia and the Pacific	БҰҰ Азия және Тынық мұқит аймағында бейбітшілік және қарусыздандыру жөніндегі өңірлік орталығы
7.	Центральноазиатский региональный информационный координационный центр по борьбе с незаконным оборотом наркотических средств, психотропных веществ и их прекурсоров (ЦАРИКЦ)	Central Asian Regional Information and Coordination Centre for combating illicit trafficking in narcotic drugs, psychotropic substances and their precursors (CARICC)	Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы
8.	Центрально-Азиатский фонд развития менеджмента	Central Asian Foundation for Management Development	Орталық Азия менеджментті дамыту қоры

Аймақтық тұрақсыздық мәселелері ХХІ ғасырдың күрделі жаһанды қауіп-қатерлерінің біріне айналды. Блоктық қарсыластықтың аяқталуы халықаралық қауіпсіздік саласында түбегейлі өзгерістерге алып келмеді. Жаһандану дәуірінде әлем мемлекеттерінің өзара тәуелділігі тез арада нығаюда, ал кейбір мемлекеттердің қауіпсіздік мәселелері көршілес және алыс орналасқан мемлекеттердің мүдделерін қозғап отыр. Этникааралық, конфессиялық, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы қақтығыстар халықаралық өлшемге ие болуда және «халықаралық ортаның тұрақтылығына ықпал ете

отырып, халықаралық қатынастар субъектілерін жауап қайтаруға итермелейді, сонымен қатар халықаралық қоғамның араласу объектісі болып отыр». Қақтығыстарды реттеу, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде бітімгершілік болып табылады. БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун бейбітшілікті қамтамасыз ету операцияларына арналған Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы отырысында сөйлеген сөзінде: «Халықаралық ынтымақтастықтың басқа құралдарының біреуі де бітімгершілік тәрізді саяси қолғабыс, қауіпсіздік пен құқықтың басымдылығын және адам құқықтарының қорғалуы секілді аспектілерді қамтымайды» деген болатын .

БҰҰ бастауымен бейбітшілікті қолдау бойынша алғашқы операциясы 1948 жылы Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыстың ушығуы салдарынан жүзеге асырылды. Сол жылдан бастау алып, бітімгершілік операциялары кейін Үндістан мен Пәкістан, Ливан, Йемен, Батыс Жаңа Гвинея, Конго, Доминикан Республикасы, Кипр, Ангола, Гаити және т.б. елдерде орын алған болатын.

2013 жылы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің маңызды құралы – БҰҰ бітімгершілігі өзінің алпыс бес жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл елеулі жыл БҰҰ қызметінің осы бағытын қорытындылап қана қоймай, сонымен қатар халықаралық қауымдастықтың болашақтағы көз тігетін жаңа бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. 2013 жылдың желтоқсан айында басқаруында 122 елдің өкілі бар, адам құрамының жалпы саны 100 мыңға жуық болатын және жылдық бюджеті 7 млрд АҚШ долларын құрайтын БҰҰ Хатшылығының Бейбітшілікті қамтамасыз ету операциялары департаменті 16 операцияны жүзеге асырды. Бұл бітімгершілік саласындағы БҰҰ-ның ерекше рөлін айқындайтындығы шүбәсіз.

БҰҰ Бас Хатшысы қызметін атқарған Бутрос Бутрос Гали «Әлем үшін күн тәртібі» баяндамасында бітімгершілікті «аймақта БҰҰ өкілдерінің қақтығысқа қатысушы барлық тараптардың келісімі негізінде орналастырылуы» ретінде айқындаған болатын . Дегенмен соңғы жылдары қақтығысқа халықаралық деңгейде араласу тәжірибесіне БҰҰ-дан басқа да көптеген қатысушылар тартылуда.

Деңгейлік тапсырмалар:

1-деңгейдің сұрақтары. Жаһандану жағдайында ұлттық мемлекеттің рөлі қалай өзгерді?

2-деңгейдің сұрақтары. БҰҰ құрылымы.

3-деңгейдің сұрақтары. Қазіргі заманғы халықаралық ұйымдарды атаңыз.

БӨЖ тапсырмалары: Аймақтық ұйымдар.

ОБӨЖ тапсырмалары: Әскери-саяси ұйымдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkması Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К.

Л. Сыроежкин

14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,

15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı

16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

1.Аrı, Т. (2006). Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika, İstanbul: Alfa Yayınları.

2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.

3.Gönlübol, M. (1993). Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar, Ankara: Attila Kitabevi.

4.Griffiths, M. (2007). International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction, New York: Routledge.

5.İskit, T. (2007). Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.

6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). Uluslararası ilişkiler Tarihi, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar